

"Жерлерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 161 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 154 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 желтоқсанда № 8572-11 болып тіркелді

Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жерлерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №161 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6132 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Сырдария ауданы Тереңөзек кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 1, 2 – қосымшалары осы шешімнің 1, 2 – қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.


2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырдария аудандық мәслихат төрағасы

Е. Әжікенов

Сырдария аудандық мәслихатының
2024 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 154 шешіміне 1-қосымша
Сырдария аудандық мәслихатының
2017 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 161 шешіміне 1-қосымша

Қызылорда облысы Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Сырдария аудандық мәслихатының
2024 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 154 шешіміне 2-қосымша
Сырдария аудандық мәслихатының
2017 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 161 шешіміне 2-қосымша

Қызылорда облысы Сырдария ауданы Теренөзек кенті жерлерінің бағалау аймақтарының шекаралары

Аймақ нөмірі	Аймақ шекарасының сипаттамасы	Аймақ ауданы, гектар
I	Аймақ (002,003 кварталдары)	267,0
	Теренөзек кентінің орталығы. Батыс бөлігі "Майжарма" каналы, солтүстік бөлігі темір жол белдеуі,	

	шығыс бөлігі А.Әлиакбаров және А.Тоқмағанбетов көшелері, оңтүстік бөлігі "Айтек" каналы, "Қызылорда-Жалағаш" автомобиль жолы.	
II	Аймақ (002, 003, 028 кварталдары)	551,0
	Тереңөзек кентінің оңтүстік-шығысы. Оңтүстік бөлігі "Сырдария" өзені, "Қызылорда-Жалағаш" автомобиль жолы, солтүстік бөлігі А. Иманов, А.Әлиакбаров пен А.Тоқмағанбетов көшелерінен темір жол белдеуіне дейін.	
III	Аймақ (001 квартал)	219,0
	Батыс бөлігі "Айтбай" каналы, солтүстік бөлігі темір жол белдеуі, шығыс бөлігі "Майжарма" каналы, оңтүстік бөлігі "Айтек" каналы.	
IV-1	Аймақ 1 учаске (003 квартал)	374,6
	Тереңөзек кентінің темір жол белдеуінің солтүстік бөлігі.	
IV-2	Аймақ 2 учаске (028 квартал)	50,0
	"Сырдария" өзенінің солтүстік-батысы. "Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы №957 қаулысына сәйкес орман қоры жерлерінің санатынан елді-мекен санатына ауыстырылған жер учаскесі.	
IV-3	Аймақ 3 учаске (028 квартал)	29,0
	"Сырдария" өзенінің солтүстік-шығысы. "Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы №957 қаулысына сәйкес орман қоры жерлерінің санатынан елді-мекен санатына ауыстырылған жер учаскесі.	
IV-4	Аймақ 4 учаске (027 квартал)	502,0
	Тереңөзек кентінің батысы. Солтүстік бөлігі темір жол белдеуі, оңтүстік бөлігі "Айтек" каналы, батыс бөлігі "	

	Қызылорда-Жалағаш" автомобиль жолы, шығыс бөлігі "Айтбай-арық" каналы.	
V	Аймақ (027 квартал)	535,0
	"Қызылорда-Жалағаш" автомобиль жолының батыс бөлігі, "Ескі бостандық" каналы, солтүстік бөлігі темір жол белдеуі, оңтүстік бөлігі "Айтек" каналы.	
	Барлығы	2527,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ